

# Құдайдың заңы

Он Өсиет туралы өз бетімен оқуға арналған курс



**Multi-Language Publications**  
Bringing the Word to the World

Мәтіннің түпнұсқасын Висконсин Інжілдік Лютеран Синодының Ерекше қызметтері жөніндегі комиссия жанындағы түзеу мекемелеріндегі қызмет комитеті құрастырған

© 2001 жылғы басылым

Қазақ тіліндегі аударма, 2012 ж.

Мәтінді Висконсиндегі Інжілдік Лютеран Синодының «Көптілді басылымдары» өңдеген

Барлық көркемдеу жұмыстарын Глен Майерс жасады. Глен Майерстің көркемдеу құқықтары “Northwestern” Баспа Үйі арқылы қорғалған.

12-кітап



## *Мазмұны*

Кіріспе .....	1
1-тарау: Заңның өте ұзын құрығы.....	3
2-тарау: Заңның бірінші тақташасы.....	21
3-тарау: Заңның екінші тақташасы – бірінші бөлім.....	45
4-тарау: Заңның екінші тақташасы – екінші бөлім .....	67
5-тарау: Он Өсиетке мойынсұну .....	85
Сөздік.....	99
Тараудың соңындағы тест жауаптары.....	105
Қорытынды тест .....	107





## *Kipicne*


Бұл кітап Құдайдың бүкіл жер бетіндегі барлық адамдарға арналған заңы – Он Өсиет туралы. Бұдан сіз Құдайдың бізден қандай өмірді талап ететінін және соған байланысты не істеуіміз керектігін үйренетін боласыз.

Бес тараудың әрқайсысы кішкене жұлдызшамен (\*) белгіленген мақсаттар тізімінен басталады. Мақсаттардың көмегімен сіз сол тарауда не туралы үйренетініңізді біле аласыз. Әрбір тараудың ішінде берілген бірнеше сұраққа жауап бересіз. Тараудың соңында тест берілген.


Егер сабақты мұқият оқитын болсаңыз, тесттегі сұрақтарға жауап бере аласыз. Егер тараудың басына қайта оралып, мақсаттарды (\*) тексерсеңіз, сол мақсаттар туралы тарауда не үйренгеніңізді көре аласыз. Берілген сұрақтардың әр тобының және әр тараудағы тесттің соңында дұрыс жауаптар жазылған беттің нөмірі көрсетілген. Сол беттен сіз сұрақтардың дұрыс жауаптарын таба аласыз. Өз жауаптарыңыздың әрқайсысын мұқият тексеріп, керек болса, түзетіңіз. Сабақты ары қарай жалғастырмас бұрын, сұрақтардың жауаптарын жақсылап түсініп алыңыз.

Кітаптың соңында қорытынды тест берілген. Бірақ оны бастамас бұрын, әр тараудың соңындағы қысқаша тесттерді бір қайталап шығыңыз. Тестке жауап беріп болғаннан кейін, оны осы кітапты берген адамға, не болмаса кітаптың артында көрсетілген мекен-жайға жібере аласыз.

Лайым, Құдай сізге Өзінің киелі заңы – Он Өсиет туралы көбірек үйренуіңізге көмегін бере көрсін.



*Құдай Мұсаға Он Өсиетті берді.*



*1-тарау*

## **ЗАҢНЫҢ ӨТЕ ҰЗЫН ҚҰРЫҒЫ**

Мүмкін, сіз «Он Өсиет» деп аталатын ескі киноны көрген боларсыз. Мүмкін, кейбір ұлы көріністері есіңізде болар: Ніл өзенінің қанға айналуы, Қызыл теңіздің екіге бөлінуі. Ол керемет кино болатын!

Бірақ Он Өсиет сіздің кинодан немесе теледидардан көргендеріңізден әлдеқайда ауқымды. Он Өсиет – негізінде және шынымен де Құдайдың заңы. Мұса есімді адам шынымен Синай тауы деп аталатын тауға

көтерілді. Ол шынымен де екі қалың тас тақташаны алып түсті. Сол тақташаларға Құдайдың Өзі адамдардың өмір сүру ережелері туралы Өз өсиеттерін ойып жазды.

Осы тарауда біз адамдар Құдайдың заңын, яғни Он Өсиетін қалай алғандары жайында сөйлесетін боламыз. Құдайдың бізге Өз заңын бірінші рет қалай және не үшін бергені туралы талқылайтын боламыз. Осы тараудың соңында сіз мына нәрселерді айта алатын боласыз:

\* Құдайдың Өз заңын алғашқыда қандай екі жерге жазғанын;

\* не себепті Оның оларды екі рет жазуына тура келгенін; және

\* Құдайдың Өз заңына қатысты үш мақсатын.

Біз Он Өсиет жайлы ойлағанда, көбінесе оларды екі тас тақташаға жазылған түрінде елестетеміз. Бірақ Құдай оларды басқа жерге жазған болатын. Құдай өсиеттерді алдымен адам баласының жүрегіне жазды. Басқаша айтқанда, Құдай адамдарды жаратқан кезде, олар сол кезден бастап-ақ Оның өсиеттерінің қандай



екенін білді. Біз оларды табиғатымыздан-ақ білдік. Олар біздің бойымыздағы түйсік іспетті болды. Құдайдың бізден қандай мінез-құлықты қалайтыны туралы түсінік бізге туылғанымыздан-ақ берілді.

Біз оны туа біткен, табиғи заң деп атаймыз. Ол әлі де адамдардың жүректерінде. Сол себепті де бүкіл жер шарындағы адамдар белгілі бір нәрселердің дұрыс және дұрыс емес екенімен өзара келіседі. Әлемде, бәрі дерлік, ұрлық жасаудың не болмаса қалаған адамыңды өлтіре салудың дұрыс емес екенімен келіседі. Бұл ортақ келісушілік табиғи заңнан келеді.

1. Құдай Өз заңын алғаш жазған орын – адамдардың \_\_\_\_\_ болды.
2. Құдайдың бізден қандай мінез-құлықты қалайтыны туралы \_\_\_\_\_ бізге туылғанымыздан-ақ берілді.
3. Біз оны туа бітетін, \_\_\_\_\_ деп атаймыз. (екі сөз)

(Жауаптарыңызды 8-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Алайда табиғи заңда бір олқылық пайда болды. Дұрысын айтқанда, жүректеріне осы заң жазылған адамдар бұзыла бастады. Біз күнәкарларға айналдық. Бізге күнә кірген кезде, күнәкарлығымыз жүректеріміздегі сол табиғи заңға бір нәрсе істей бастады.

Бұны былай қарастырыңыз: айталық, сіздің бір ғимаратыңыз бар және сіз оның бір шетіне Он Өсиеттің сөздерін жазып қойдыңыз. Енді сол ғимаратқа балшық лақтыра бастағаныңызды елестетіңіз. Балшықты көбірек лақтырған сайын өсиеттердің сөздерін оқу барған сайын қиындай түседі, солай емес пе?

Жасаған күнәларымызбен біз жүрегіміздегі табиғи заңға дәл осыны істеумен болдық. Өсиеттердің қайсысына болса да қарсы қаншалық көп күнә жасасақ, – оларға соншалық көбірек балшық лақтырғанымыз. Көп ұзамай, өсиеттердің ешқайсысын да оқи алмайтын боласыз.

Сондай нәрсе өміріңізде болып көрді ме? Сіз бір нәрсенің дұрыс емес екенін және істеген ісіңіздің Құдайдың өсиетіне қайшы екенін білдіңіз. Алайда сіз оны бәрібір істедіңіз. Алғашқыда сіз ол туралы шынымен өзіңізді кінәлі сезіндіңіз. Ар-ұжданыңыз сізді сол туралы қатты мазалады. Екінші және үшінші рет күнә жасаған кезде, сіз әлі де болса, күнә жасағаныңызға қынжылдыңыз.

Ал төртінші, бесінші және алтыншы ретте ше? Сіз бұдан былай өзіңізді соншалықты кінәлі сезінбедіңіз. Ал оныншы ретте сіз неге біреу сіздің істегеніңізді күнә деп есептеуі керек деп таңдандыңыз. Сіз оған өзіңіздің бір кішкене әлсіздігіңіз ретінде қарай бастадыңыз. Жиырмамыншы рет дұрыс емес іс істеген кезде, сіз тіпті бұдан былай оны әлсіздік деп те санамайтын болдыңыз. Сіз өсиетке күнәкарлықтың балшығын барынша көп лақтырдыңыз, сондықтан ол ендігәрі сізді еш мазаламады.

4. Адамдардың күнәкарлығы жүректеріміздегі \_\_\_\_\_ заңға бір нәрсе істей бастады.

5. Біз өсиетке қарсы көбірек күнә жасаған сайын, бұл оған одан сайын көбірек \_\_\_\_\_ лақтыру іспетті.
6. Біраз уақыттан кейін біз істеп жатқан дұрыс емес ісімізді тіпті \_\_\_\_\_ деп санамайтын боламыз.

(Жауаптарыңызды 10-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Құдай бүкіл адамзаттың Оның өсиеттерінің мәнін жоғалтқанын қаламады. Жуық арада зұлымдық әлемді құртпақ! Егер адамзаттың күнәлары жүрегіміздегі табиғи заңды одан ары былғай беретін болса, онда ешкім де күнәның не екенін білмейтін болады.

Сондықтан Құдай заңды қайтадан жазды. Бұл жолы Ол оны адамдардың жүректеріне емес, үлкен екі тас тақташаға жазды.

Біз ол туралы Киелі кітаптың «Мысырдан көшіп шығу» деп аталатын екінші кітабынан оқимыз. Бұл кітап Құдай халқын, яғни израилдіктерді Мысырдан

?

5-беттердегі сұрақтардың жауаптары: 1. жүректері; 2. түсінік; 3. Табиғи заң.

алып шыққан адам – Мұсаның оқиғасын баяндайды. Мысырда олар жүздеген жылдар бойы құлдықта болды.

Құдай оларды құлдықтан құтқарды және Мұсаға олрады шөл даладағы үлкен тауға жетелеуді тапсырды.

Сол тау Хориб және Синай тауы деген екі атпен белгілі болатын. Дәл сол тауда Құдай Мұсаға Өз қолымен ойып жазған екі тас тақташадағы Он Өсиетін берді.

Мұса сол тас тақташаларды таудан түсірді, содан кейін олар қауіпсіз орында сақталды. Мұса Он Өсиетті өзінің жазған «Мысырдан көшіп шығу» деп аталатын кітабына көшіріп жазды. Жазбаша заң деп аталатын заң бізге, міне, осылай жетті.

7. Құдай заңды екінші рет жазды; бұл жолы Ол оны екі \_\_\_\_\_ тақташаға жазды.
8. Құдай заңды Хориб немесе \_\_\_\_\_ деп аталатын тауда жазды.

9. Тас тақташаларды таудан түсірген және Киелі кітапқа жазған адам \_\_\_\_\_ есімді кісі болды.

10. Он Өсиет Киелі кітапта \_\_\_\_\_ заң деп аталады.

(Жауаптарыңызды 12-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Жазбаша заң енді табиғи заңның орнын баса алды. Табиғи заңды біздің күнәларымыз түгелдей ластаған. Ол енді бұдан былай бізге жақсы жетекші бола алмайды. Ал жазбаша заң Киелі кітаптың ішінде бар, әрі біз оны анықтап оқи аламыз.

Оны былай елестетіңіз: сізде карта бар делік. Ол ескі, әрі тозығы жеткен, кейбір жерлері көрінбей қалған, дақ-дақ және кірлеп кеткен. Оны қолдану енді сізге қиынға түседі.

Сіздің басқа бір қалаға сапар шегуіңіз керек. Сіз жол картаңызды ашып, оның тым кір және ескіріп кеткенін көріп, жол табуыңызға көмектесуге қарамайтынын түсінесіз. Сонда не істей аласыз?



7-8-беттердегі сұрақтардың жауаптары: 4. табиғи; 5. балшық; 6. күнә.

Әрине, сіз дүкенге барып, жаңа, әрі еш жыртылмаған, ескірмеген және кірлемеген жол картасын сатып аласыз. Ол сізге жолды анық көрсетеді.

Біздің жүректеріміздегі табиғи заң сол ескі карта сияқты болды. Ал Киелі кітаптағы жазбаша заң жаңа карта іспетті. Жол табу үшін сіз қайсысына сүйенесіз? Ескі емес, жаңа карта сізге өмір жолын көрсетеді. Сіз жүрегіңіздегі табиғи заңды емес, Киелі кітаптағы жазбаша заңды қолданасыз.

11. Жазбаша заң \_\_\_\_\_ орнын баса алады.

12. Біз Құдайдың жолын анық көре алуымыз үшін, \_\_\_\_\_ заңға сүйене аламыз.

(Жауаптарыңызды 13-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

Енді біз Құдайдың заңды бізге қалай бергенін және не үшін Оған оны екі рет беру керек болғанын білеміз. Енді Құдайдың Он Өсиетті бізге бергендегі мақсатына назар аударайық.

Негізінде, Құдайдың Өз заңына қатысты үш мақсаты бар. Олардың біреуін біз жақсы білеміз ол – адамдардың заңсыз өз беттерімен кетулеріне жол бермеу. Бұл дегеніміз – біздің өз-өзімізді қалай дұрыс ұстауды білуіміз.

Оны былай елестетіңіз: өткен заманда, адамдардың бәрі атқа мініп жүрген кезде, ешкім де аттардың адамдар жүретін жолмен жүргендерін қаламады. (Аттардың қай жерде және қашан болса да қиларын тастап кететін жаман әдеттері бар. Кімнің оны басқылы келеді?). сондықтан адамдар аттардың өздеріне тиесілі жолдан шығып кетпеулері үшін, көшеде үлкен, әрі биік жол жиегін тұрғызатын.

Заңды жол жиегі ретінде елестетуге болады. Ол адам баласын өз орнында ұстап тұруға арналған. Ол бізді өз орнымызда ұстап тұруға арналған. Ол бізді жамандыққа ұрынудан сақтауға арналған.

Мысалы, егер Құдай ұрламау туралы заңды бермегенде, әлемде не боларын ойлап көріңізші. Сіздің иелігіңіздегі еш нәрсе де қауіпсіз болмас еді.

?

9-10-беттердегі сұрақтардың жауаптары: 7. тас; 8. Синай; 9. Мұса; 10. жазбаша.



Кез келген адам, егер қолынан келер болса, сіздегі алғысы келген затты алып кете берер еді. Сіз үнемі өз иелігіңіз үшін күресуде болар едіңіз.

Бірақ былай дейтін заң бар: «Ұрлық жасама!» (Мысырдан көшіп шығу 20:15). Ал ұрлық жасайтындарға қарсы қолданылатын жаза бар.

Сіз білетін біреу қазіргі сәтте ұрламау туралы сол заңды бұзғаны үшін түрмеде отырған болар. Заң бізді ұрлық жасаудан сақтап, яғни жолдың жиегі іспетті бізді өз орнымызда ұстап тұрады.

13. Заңның мақсаттарының бірі – біздің өз-өзімізді \_\_\_\_\_ білуіміз үшін.

14. Заң бізді өз орнымызда ұстап, әрі жамандыққа ұрынудан сақтап тұратын биік \_\_\_\_\_ іспетті.

(Жауаптарыңызды 14-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

?

11-беттердегі сұрақтардың жауаптары: 11. табиғи;  
12. жазбаша.

Құдай заңының артында екінші бір мақсат жатыр. Құдай біздің заңды айна ретінде қолданғанымызды қалайды. Таңертең, далаға шығар алдында адамдардың көбісі айнаның алдына тоқтап, өз-өзіне қарағанды жақсы көреді. Осылай олар өз бет әлпеттеріне қарап, кез келген дұрыс емес жерін түзете алады. Егер қыз айнаға қарап, шашының ұйпаланып қалғанын көрсе, ол қолына тарағын алып, шашын жөнге келтіреді.

Он Әсиет біздің жанымыздың айнасы сияқты. Біз сол айнадан өз-өзімізге қараған кезде, Құдай бойымызда көптеген дұрыс емес нәрселердің бар екенін көргенімізді қалайды. Біз өз-өзіміздің Құдайдың заңын қаншалықты жиі бұзғанымызды көруге тиіспіз. Біз өз-өзіміздің қаншалықты күнәкар екенімізді көрген кезде, айна алдындағы қыз іспетті, соған қатысты не істей алатынымызды табуымыз керек. Киелі кітап біздің өз-өзімізді ешқашанда күнәдан тазарта алмайтынымызды айтады. Тек Иса ғана айқышта солар үшін өлу арқылы бізді тазарта алды. Сондықтан заң айна сияқты бізге қаншалықты күнәкар екеніміз бен Құтқарушыға қаншалықты мұқтаж екенімізді көрсетеді.



13-беттегі сұрақтардың жауаптары: 13. дұрыс ұстай;  
12. жол жиегі.

15. Біз Құдайдың заңын жанымыздың \_\_\_\_\_  
ретінде де қолданамыз.

16. Біз өзіміздің қаншалықты \_\_\_\_\_  
екенімізді көрген кезде, соған қатысты не істей  
алатынымызды табуға тиіспіз.

17. Заң бізге айна іспетті қаншалықты \_\_\_\_\_  
мұқтаж екенімізді көрсетеді.

(Жауаптарыңызды 16-беттің төменгі жағындағы дұрыс  
жауаптармен тексеріңіз).

Адам Исаны қабылдап, мәсіхшіге айналғаннан кейін,  
заң тағы бір нәрсе үшін қолданылады. Ол адамға  
қалай мәсіхшіге тән өмір сүру керектігін нұсқайтын  
жетекші ретінде бола алады.

Оны былай қарастырыңыз: мысалы, сіз басқа бір  
елге, Германияға ма, Жапонияға ма, немесе  
Әфиопияға ма, көшесіз. Сол жерге барған кезде, сіз  
ол елдің тілін білмейсіз. Сіз олардың ақшаны қалай  
санайтындарын білмейсіз. Сіз барған жаңа елде  
адамдардың өздерін қалай ұстайтындарын білмейсіз.  
Сізге керекті – осы нәрселердің бәрін үйрететін  
нұсқаулық кітап. Сондай кітаптың көмегімен сіз  
айналаңыздағы адамдар іспетті қалай жүріп-тұруды

үйрене аласыз. Сіз сол жаңа елдің азаматы ретінде жүріп-тұруды үйрене аласыз.

Белгілі бір мағынада мәсіхшілер – жаңа елдің азаматтары. Киелі кітап бізге көктегі Құдай Патшалығының азаматтары екенімізді айтады. Бірақ біз өте ұзақ жылдар бойы күнәкарлар болғандықтан, көктің азаматтарының қалай өмір сүріп, қалай қимылдаулары керек екенін білмеуіміз мүмкін. Көктің азаматтары ретінде біз анаша, жеңіл жүріс немесе басқа да толып жатқан нәрселерге қатысты не істеуіміз керек? Осы кезде Он Өсиет іске кіріседі. Олар бізге мәсіхшінің осы әлемдегі өмірін қалай өткізу керектігін үйрететін жетекшіміз болып табылады.

18. Заң сонымен қатар, бізге мәсіхші ретінде қалай өмір сүруді нұсқайтын \_\_\_\_\_ болып табылады.

19. Заң бізге \_\_\_\_\_ азаматтары қалай жүріп-тұрулары керектігін үйретеді.

(Жауаптарыңызды 18-беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз).

?

15-беттегі сұрақтардың жауаптары: 15. айнасы; 16. күнәкар; 17. Құтқарушыға.

## *Бірінші тарауды қайталау*

Құдай адамзатты жаратып, жүректеріне Өз заңын салды. Біз ол заңды табиғи заң деп атаймыз. Ол заң бізге Құдайдың бізден қандай мінез-құлықты қалайтынын үйретеді. Ол біздің бойымызға біткен түйсік сияқты.

Алайда біз Құдайға қарсы күнә жасадық, ал күнәларымыз табиғи заңды ластады. Біз оған қарсы көбірек күнә жасаған сайын, ол одан сайын кір бола түсті. Көп ұзамай ешкім де Құдайдың заңдарын білмейтін күйге жетуші еді.

Сондықтан Құдай Өзінің Он Өсиетін басқа жерге жазды. Ол Өз заңын екі тас тақташаға жазып, оларды осыдан жүздеген жылдар бұрын Мұсаға берді.

Мұса Он Өсиетті Киелі кітапқа көшіріп жазды. Енді бізде жазбаша заң деп аталатын заң бар.

Құдайдың жазбаша заңын қолдану арқылы біз қазір Оның бізден қандай мінез-құлықты және қандай өмірді күтетінін біле аламыз. Бұл заң адам баласын қоршап тұратын және бізді үнемі күнә жасай беруден сақтап тұратын жолдың жиегі іспетті. Ол бізге қаншалықты Құдайға қарсы күнә жасағанымызды және қаншалықты Исаның Құтқарушымыз болғанына мұқтаж екенімізді көрсететін айна сияқты. Мәсіхшілер үшін заң жер бетіндегі Құдайға ұнамды өмір сүруге керекті нұсқаулық ретінде қызмет етеді.



16-беттердегі сұрақтардың жауаптары:  
18. жетекші; 19. көктің.

## *Бірінші тарауға арналған тест*

1. Біз адамзатты жүректеріне жазылған \_\_\_\_\_ заңмен жаратты.
2. Бірақ \_\_\_\_\_ заңды ластағандықтан, біз оны қалай орындауды білмедік.
3. Құдай заңды екі тас тақташаға жазып, оларды \_\_\_\_\_ есімді адамға табыстады.
4. Сол адам Он Өсиетті Киелі кітапқа көшіріп, бізге оны \_\_\_\_\_ заң ретінде қалдырды.
5. Заң адам баласын қоршап тұратын \_\_\_\_\_ іспетті қызмет етеді.
6. Заң бізге қаншалықты күнә жасағанымызды және Құтқарушыға қаншалықты мұқтаж екенімізді көрсететін \_\_\_\_\_ іспетті қызмет етеді.
7. Заң мәсіхшілер үшін жер бетінде Құдайға ұнамды өмір сүруді нұсқайтын \_\_\_\_\_ ретінде қызмет етеді.

(Жауаптарыңызды 105-беттегі дұрыс жауаптармен тексеріңіз)